**№6 жалпы білім беретін мектеп**

# 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жылдық есебі

**Дайындаған: Әлеуметтік педагог Ж.Ә.Жұмадиева**

**2024/2025 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жылдық есебі**

Әлеуметтік педагог мамандығының иесі гуманист, биік рухани және жоғарғы деңгейдегі мәдениетті педагог, психолог, баланың блім алуына, тәрбиесіне, дамуына байланысты, оны қорғауға өзіні белсенді роль атқаратынын түсіне алуы, тұрақты адамгершілік қағидасы, ұстанымы болуы тиіс. Белгілі бір нәтижеге жету үшін әлеуметтік педагогикалық жұмысты жоспарлауды, білім мен іскерлікті орынды пайдалану, педагогиканың жаңа интенсивті әдістерін меңгеру, оқыту мен тәрбиелеудің формаларын білу қажет. Әлеуметтік педагог ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, оларға жеке кеңес берп, отбасылық мәселелерді бірлесе шешуге көмектеседі.

1991 жылдың мамыр айының 20-да КСРО халыққа Білім беру жөніндегі Мемлекеттік комитеті «Әлеуметтік педагог» мамандығын бекітті. Мектептегі әлеуметтік педагогтың білім беру жүйесіндегі алатын орны ерекше. Әлеуметтік педагог-ол тәрбиеші емес, сынып жетекшісі, тәлімгер емес, ол белгілі бір нормадағы қызметті үйлестіруші.

Негізгі қызметі – адамды өмірге, қоғамға бейімдеу. Мектептегі әлеуметтік педагогтың басты мақсаты – оқушының әлеуметпен жан-жақты қарым-қатынас ортасын құру. Әлеуметтік педагогтардың негігі жұмыс нысаны балалар мен жасөспрімдер болып табылады. Ол-әртүрлі әлеуметтік-мәдени орталардағы балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыратын маман, жеке тұлғамен оны қоршаған шағын ортаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді, оқушылармен тәрбиеленушілердің қызығушылықтары мен мұқтаждықтарын, мінез құлқындағы ауытқушылықтарын, шиеленісті жағдайларды анықтайды және уақтылы көмек көрсетеді, жеке тұлға мен білім беру мекемесінің, отбасының, ортаның билік органының арасында делдал ретінде әрекет етеді; оқушылардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуына ыңғайлы және қауіпсіз жағдай құрады; олардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, жалпыға білім берудің орындалуына, салауатты өмір салтын насихаттауға көмектеседі; балалардың таланттарын дамыту үшін оларға жағдай жасайды.

Мектебімізде 2024/2025 оқу жылында қыркүйек айынан бастап ыстық тамақпен қамтылған көмекке мұқтаж, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасы балаларының саны 279 болды. Оның ішінде 2-і тұлдыр жетім, аз қамтылған отбасы балалары-248, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары – 29.

Ұлттық білім беру деректер қоры — білім беру саласы бойынша алғашқы статистикалық деректер жинау және өңдеу жөніндегі бизнес-үдерістерді автоматтандыруға арналған ЭОЖ кіші жүйесі. ҰБДҚ-да «ҚР БҒМ – білім басқармасы – білім бөлімі – білім ұйымы» тізбегі бойынша қолмен толтырылатын және жиналған, әкімшілік есептер үшін деректер жинау автоматтандырылған. «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпаратты жүйесіне мектебіміздің барлық білім алушылар мәліметі бар.

2024/2025 оқу жылының басында білім бөліміне мектепке жол қайырымдылық акциясына көмекке мұқтаж төмендегі оқушылардың тізімі жолданды. Білім бөлімінің бөлінісіне сәйкес кәсіпкерлер және мекелер көмек көрсетті.

Мектеп асханасын жеке кәсіпкер «Г.Аджибаева» мен келсімге отырылды. Асхана қызметкерлерін ыстық тамақпен қамтылатын 1-4 сынып және 5-11 сыныптардан әлеуметтік мәртебесіне қарай тізімге тіркелген оқушылар тізімі берілді. Бракераждық комиссия мүшелері құрылды. Құрамында мектеп басшысы К.К.Бимағамбетова – төрайымы, әлеуметтік педагог Ж.Ә.Жұмадиева – мүшесі, БОІМ К.Сарсенбаева - мүшесі, ТЖО С.М.Реимбаева –мүшесі, кәсіподақ төраймы Л.Қ.Қосмағамбетова – мүшесі, бас есепші М.Темирбекова – мүшесі, медбике А.Турсыналиева – мүшесі, ата-ана Ж.Калиева – мүшесі, ата-ана Ж.Нуржубаева – мүшесі, ата-ана Г.Нұрмағамбетова – мүшесі, асхана қызмткері Л.Оразалиева – мүшесі. Комиссия мүшелері асханаға барып ыстық тамақпен қамтылған мүжәлсіз оқушылардың, мемлекеттік

бағдарлама бойынша тегін тамақпен қамтамасыз етілген 1—4 сынып оқушыларының тамақтануын, асхананың талапқа сай жұмыс жасауын және балаларға берілетін тамақтың сапасын айына 4 рет тексеру жүргізді. Оқу жылында асхананы тексеру барысында өрескел кемшіліктер кездеспеді. Тамақ өнімдерінің сапасы, олардың тасымалдау, жеткізу, түсіру шарттары талапқа сәйкес. Асхананың жұмыс кестесі жасалған, талапқа сәйкес орындалған. Мектеп асханасының тамақтану бөлімінде қол жуатын орындарда арнайы кептіргіштер бар. Асхана және ас үй ыдыстарының, асхана аспаптары талапқа сәйкес, шеті сынған ыдыс жоқ. Ыдыстың қосалқы жиынтығының жеткілікті. Ас блогындағы санитарлық жағдай қалыпты, талаптар сақталған. Ас блогының үй-жайын тазалау талапқа сай. Бракераждық журналдар уақытында толтырылды.

Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарына сәйкес жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың материалдық-тұрмыстық жағдайлары үнемі тексеріліп отырады. Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға арнайы журнал жүргізілдіСынып жетекшілері мен мектептің әлеуметтік педагогы қамқоршылармен байланыста болды.

2024 жылдың қараша айында мүжәлсіз оқушылардың ата-аналарымен кездесу, сауалнама алу жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жұмысына тоқталар болсам, отбасы – жасөспірімдерді әлеуметтендірудегі өте маңызды институт. Бұл баланың дамуы мен жеке өмір сүру ортасы. Ол мынадай өлшемдермен анықталады: әлеуметтік –мәдени, әлеуметтік –экономикалық. Осыған орай әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жүргізілетін жұмысы аса маңызды болып саналады. Ол отбасындағы жағдайлар туралы толық мәлімет ала отырып, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналармен ынтымақтаса, оларға кәсіби педагогикалық көмек көрсетеді. Ата-аналармен кездесу барысында ата-аналарға бала құқығын қорғап, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау керек екендігі түсіндірілді.

Өгей әке және өгей ана тәрбиесіндегі балалармен әлеуметтік педагогтың жұмысы – ерекше назарды қажет ететін бағыттардың бірі. Мұндай отбасыларда бала мен өгей ата-ананың арасындағы қарым-қатынас күрделі болуы мүмкін. Сондықтан әлеуметтік педагогтың рөлі – осы қатынастарды реттеуге, баланың психоэмоционалдық жай-күйін тұрақтандыруға және оның толыққанды дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталады. Мектебімізде өгей әке және өгей ана тәрбиесінде барлығы 17 оқушы бар. 11 ұл 6 қыз.

Мектепбімізде 2024-2025 оқу жылындағы қалалық және мектепішілік есепте тұраған  2 оқушы бар. Олар Баймағанбет Жасұлан 7 «ғ» сынып оқушысы, Өскенбай Гауһар 9 «ә» сынып оқушысы. Аз қамтылған отбасы балалары. Есепке алынған себебі әкімшілік құқықбұзушылық. Тізімдегі оқушылардың үйлеріне тұрмыстық акт жүргізілді. Комиссия мүшелері, тұрғын үй жағдайларын тексере келіп, санитарлық-гигиеналық жағдайы орташа. Тұрмысқа қажетті құрал жабдықтармен қамтылған. Гигиеналық жағдайы талапқа сай, киімдері.

Қыркүйек айында 5 сынып оқушыларының қатысуымен бейімделуге арналған «Лусканова» сауалнамасы жүргізілді. Мақсаты оқушылардың оқу мотивациясын анықтау. Оқу іс-әрекет мотивациясы оқуға бағытталғандықтан, сонымен қатар таным белсенділігімен және іс-әрекеттілігімен ерекешеленеді. Оқушының жүріс-тұрысының мотивтерін білмей, оны тәрбиелеуге болмайды. Өйткені сол бір мінез-құлық, оқушыны ынталандыратын мотивтерге байланысты, түрлі өнегелі ойлы болуы мүмкін. Жүргізілген сауалнамалардың қорытындысы шығарылып ұсыныстар жазылды.

Қазақтың жақсы қасиеттердің асылы мейірбандық, жомарттық, кеңпейілділік, бауырмалдық. 29 қазан- Қамқоршылар күні. Бұл мерекеде қамқоршыларымызға ризашылық білдіру, қолдау. Осыған орай №6 жалпы білім беретін мектеп қамқоршыларымыз Исантурдиева Тухтагул мен Қуанова Санияшқа алғыс хат пен сыйлықтар табыстады. Осындай батыл қадам жасап, бала тәрбиесіне үлкен үлес қосып,

көпшіліктің алғысына бөленіп жүрген қамқоршыларымызға шын жүрегімізден алғыс айтамыз. Әрдайым жадырап, денсаулықтарыңыз мықты болып, балалардың қызығын көре беріңіздер!

Қараша айының 11 күні мектебімізде 8-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» тақырыбында жиын өткізілді. Қонаққа ҚБҮО әдіскері І.Самандаров және боксшы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, Құрмет орденінің иегері А.С.Ниязымбетов және «Маңғыстау Адалдық алаңы» жобалық кеңесінің үйлестірушісі А.Шамшадинова келді. Қонақтар оқушыларға тақырып аясында түсінік жұмыстарын жүргізді. Сыбайлас жемқорлық туралы заң талабын және парақорлықтың зиянын түсіндірді. Оқушыларға бейнероликтер көрсетіліп, сұрақтар қойылып кері байланыс алынды.

Жаңаөзен қаласы әкімі атынан **«Жаңа жыл-2024»** қайырымдылық шырша тойына мектебімізден төмендегі отбасының балалары қатыстырылды.

Жаңа жылдық шыршаға қатысқан оқушыларға 100000 (жүз мың) теңге ақшалай сертификат және тәттілер табысталды. Сонымен қатар жеке кәсіпкер Г.Аджибаева әлеуметтік мәртебесіне қарай тізімге тіркелген 130 оқушыға тәттілер беріп қуантты.

№6 жалпы орта білім беретін мектеп білім алушылар арасында денсаулық құндылығы, дұрыс тамақтану туралы түсініктерін кеңейту мақсатында 2024 жылы 20 желтоқсан күні «Газдалған және энергетикалық сусындардың адам ағзасына әсері» тақырыбында 10 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шара барысында білім алушыларға энергетикалық сусындардың құрамында бар глюкоза мен кофеин адам ағзасына үшін өте зиян екендігін, көп мөлшерде "В" дәрумені жүрек соғысын жиілетіп, аяқ-қолдардың дірілдеуіне себеп болатынын, "кофеин" жүйке жүйесін әлсірететінін, сусында ешқандай энергия жоқ, ол тек энергия қоздырушысы екендігін білді. Адамның ағзасына қажетті тағамдық заттардың ерекшелігін, денсаулықтың адам өміріндегі маңызын түсінді.

2025 жылдың 23 сәуірінде №6 жалпы білім беретін мектепте "Жылы жүрек – жомарт қол" атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – оқушылар мен ата-аналар арасында қайырымдылық сезімін қалыптастыру, мұқтаж жандарға көмек қолын созуға баулу, жақсылық жасауға тәрбиелеу болды.
Акцияға мектептің ұстаздар құрамы, оқушылар мен ата-аналар белсене қатысты. Оқушылар өз еріктерімен түрлі қажетті заттар мен азық-түліктер жинап, оларды мұқтаж отбасыларға жеткізуге атсалысты. Сынып жетекшілерінің жетекшілігімен әр сынып өз үлесін қосып, белсенділік танытты. Мектеп ұжымы мен ата-аналар бірлесе отырып, төмендегі көмектер ұйымдастырылды: Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға азық-түлік себеттері табысталды; Қайырымдылыққа бағытталған сынып сағаттары мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қорытынды: "Жылы жүрек – жомарт қол" акциясы оқушылардың бойында мейірімділік, жанашырлық, жомарттық сынды адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға үлкен септігін тигізді.

Мектепте атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс туралы мектебіміздің әлеуметтік желілерде жарияланып отырды. Сілтемелер
https://www.facebook.com/photo/?fbid=1853139611820437&set=a.104379176696498
https://www.facebook.com/6ortamektepzhanaozen/videos/8200000016711393
https://www.facebook.com/photo/?fbid=1809391969528535&set=pcb.1809392032861862
https://www.facebook.com/photo/?fbid=1806713163129749&set=a.104379176696498
https://www.facebook.com/photo/?fbid=1806704843130581&set=pcb.1806705056463893

https://www.facebook.com/photo/?fbid=1806536959814036&set=pcb.1806537116480687
https://www.facebook.com/photo/?fbid=1800453000422432&set=pcb.1800453077708909

Әлеуметтік педагогтың үйден оқитын оқушымен жұмысы күрделі және ерекше тәсілді талап етеді, өйткені мұндай оқушылардың білім алуына кедергі келтіретін денсаулық немесе басқа да жағдайлар бар. Бұл жұмыстың негізгі мақсаттары – оқушының әлеуметтік бейімделуі, білім алу үдерісіне толыққанды қатысуы және психологиялық қолдау көрсету. Мектебіміздегі үйден оқитын оқушылар 3 «ғ» сынып оқушысы Базарбай Аянат және 7 «ғ» сынып оқушысы Базарбай Ардақтың анасы Азербаева Маралмен кездесіп ата-анаға білім беру ресурстары, заңнамалық нормалар және мүмкіндіктер туралы ақпарат берілді. Әлеуметтік педагогтың негізгі мақсаты – оқушының оқу және өмір сапасын жақсарту үшін барлық ресурстарды жұмылдыру. Осылайша, оқушы өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезіне алатындығы түсіндірілді.

Қазіргі уақытта жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу өзекті мәселе. Құқық бұзушылық — бұл қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуда құқытық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру негізгі басымдықтардың бірі. Құқытық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру қоғамның құқықтық тәрбиесіне тікелей байланысты. Құқықтық мәдениетті арттыру, халықтың құқықтық санасын дамыту – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық тұрғыдан сауатты мемлекет құруға ықпал ететін азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызды өлшемдері. Қоғамдағы қылмыс пен құқықбұзушылыққа қарсы күресуі бағытындағы жаңа жүктемелерді толығырақ таныстыру құқық қорғау органдарының міндеті. Осы орайда мектебімізде 14.12-16.12.24ж күндері аралығында «Жігерлендіру» мобильдік тобы, мектеп әкімшілігі мен қызметкерлері бірлесе отырып жастар мен жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында беймезгіл уақытта заңды өкілінсіз жүруін анықтау барысында түнгі рейд өтті.Іс-шараның мақсаты – Қазақстан Республикасының заңына сәйкес кәмелеттік жасқа толмаған жастардың түнгі 23:00 ден кейін заңды өкілінсіз көшеде немесе ойын сауық орталықтарында жүруі бойынша тексеру. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өршіп тұруы, ата-ананың қарауынсыз қалуы, тәлім – тәрбие мәселелерін қолға алу және келеңсіз жағдайлардың алдын алу. Сонымен қатар іс-шара барысында жастар мен жасөспірімдерге Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің жаңа баптары 127-бап ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларға тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы, 441-бап жекелеген қоғамдық орында темекі шегуге тиым салуды бұзу, 442-бап кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерін еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерде болуға тыйым салынатындығы жайлы ескертілді.